**Автор**: Дынбаева Салтанат Ивановна
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 1-сынып
**Бөлім**: Жануарлар
**Тақырып**: Жануарлардың қандай түрлері болады?

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Барлық оқушылар:жабайы жануарларды үй жануарларынан ажырата алу;<br>Оқушылардың басым бөлігі:қоршаған әлемнің құбылыстарын, үдерістерін және нысандарын зерттеу қажеттілігін түсіндіру.<br>Кейбір оқушылар: жаңа сабақта алған білімдерін өмірде қолданады. |
| Сабақтың мақсаты: | 1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату;<br>1.2.2.3 жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін дайындығын түсіндіру |
| Тілдік мақсаттар: | 3 тілде жануарлар атауларын айту |
| Күтілетін нәтиже: | Оқушылар: үй және жабайы жануарлардың кейбір түрлері- мен танысады; жабайы жануарлардың үй жануарларынан қан- дай ерекшелігі бар екенін түсінеді;<br>үй жануарларының тұратын жерінен сиырқора- мен, атқорамен, түйеқорамен, қойқорамен, ит- тің үйшігімен танысады;<br>жануарларды қалай күту керектігін білетін болады; бақылау нәтижелерін жазуға дағдыланады |
| Бағалау критерийлері: | әр тапсырмаға деңгейіне сай бағаланады |
| Құндылықтарды дарыту: | жануарларды  қорғау |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік.<br>Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.<br>Қолды создық, басты бұрдық – екі деп,<br>Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.<br>Алға, артқа қарадық та – үш дедік.<br>Тағы жаңа жаттығулар істедік.<br>Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,<br>Отырайық көңілді енді марқайтып.<br>/Б.Бөрібаев/ – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұста<br><br>топқа бөлу- жануарлардың суреттері арқылы<br>1 топ- жабайы аңдар<br>2 топ үй жануарлары<br><br>Сендер бұл жануарды білесіңдер ме?<br>Қазақстанның қандай жануарларын білесіңдер?<br>жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! | шеңбер |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | презентациямен жұмыс<br>әр суреттегі бейнеленген жануар жайында қысқаша мәлімет алады ой алмасады<br>Қай- сысы біздің өлкемізде тіршілік етеді?”<br>қысқаша видео жазба<br>Әлемде жануарлардың орасан көп түрі бар. Алғашында олардың барлығы жабайы болған, бірақ адам кейбірін қолға үйретті. Адамдар үй жануарларына қамқорлық көрсетеді. Қамқорлық көрсету дегеніміз — оларды қоректендіру, емдеу, қорасын салу, олардың ұрпақтарына қамқорлық көрсету болып табылады. Үй жануарлары үшін адам малқора соғады. Сиырға арналған малқора — сиырқора деп аталады. Бұл үлкен, жылы қора, онда су құюға арналған науа, жем салатын астау болады. Жылқыға арналған малқора атқора деп аталады. Бұл — ұзын ағаш қора, екі жағынан қашаларға<br>Оқулықпен, дәптермен жұмыс | үй жануарлары, олардың қорасы, күтуге арналған құралдар бейнеленген үлестірмелі материалдар. |
| Сабақтың соңы | зерттеу жұмысы<br>1 топ<br>әр жануарды өзінің мекендейтін жеріне қондыр<br>2 топ Енелері мен төлдерін қосу.<br>3 топҮй жануарларын ата. суретін сал<br>олар қандай дыбыс шығарады, | |
| Рефлексия | бағдаршам әдісі<br>бес саусақ әдісі | |